

СӨЗ МӘЙЕГІ



СОЗ МӘИЕГІ

(қазақ макал-мәттері)

*Курастырып, баспаға өзірлеген
Танатқан РСАЕВ*




“Қазақ энциклопедиясы”
2007 ж.

ББК 82.3 Каз.
С 16

**C16 СӨЗ МӘЙЕГІ/Бас ред. Б.Аяған — Алматы:
“Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2007. — 552 бет.**

ISBN 9965-893-12-8

Бұл кітапта қазақ халқының әр түрлі тақырыптардағы мақал-мәттері негұрлым толық жинақталған. Халқымыздың аса бай асыл қазынасы энциклопедиялық жүйеге түсіріліп, барлық бөлімдер мен тараулар, тақырыптық топтамалар әліпби ретімен берілген. Кітап жас-өспірімдерге, студенттерге және жалпы оқырман қауымға арналған.



ИБ №8

С 4702250205
00(05)-07

ББК 82.3 Каз.

ISBN 9965-893-12-8

© “Қазақ энциклопедиясы”, 2007.



ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Дана халқымыздың ең ежелгі де аса бай мәдени мұрасы — мақалдар мен мәттел сөздер. Бұл қайнар көзі өмір бақи суалмайтын, қайта уақыт өткен сайын толысып, жаңара беретін, әр заманның талап-тіршілігін, қалыптарын танытып, тілге нәр, сөзге ерекше әсемдік пен ұтымдылық құятын үлкен байлық. Ол әр кезеңде көсемдер мен шешендердің, ақындар мен абыздардың, батырлар мен билердің ауыздарынан шыққан ұтымды да ұшқыр, өрнекті ойларымен толысып отырады. Мақал-мәттедер көп ретте халқымыздың әдет-гүрпін, салт-сана, таным-талғам, талап-парыз нормалары қызметтің атқарып келді, алдагы уақытта да солай бола берері сөзсіз.


Оқырман қауымга ұсынылып отырылған бұл кітапқа кезінде әртүрлі жинақтарда, күнделікті баспасөзде жарияланған, ел ауызында жүрген он бір мыңнан астам мақал-мәттел жинақталған. Оған сонау Бұхар жыраудан басталатын айтулы ақындар мен билердің шыгармаларындагы гибратты сөздер де енгізілді. Ел арасына кең тарап кеткен кейбір жекелеген ұлагатты сөздерді алғаш айтқан, немесе алғаш қолданған (пайдаланған) авторын көрсетуге әрекет жасадық. Мыс., бұлардың ішінде “Жақсы жүрген жеріне кент салады, Жаман жүрген жеріне өрт салады”, “Жақсы жігіт сөзіне сак тұрады” деген көркем де нақыл сөздерді Шәкерім мен Сүйінбайдың айтқанына біз сенімді болсақ, “Малым-жаным садағасы, жаным-арымның садағасы”, “Қанагат қарын тойғызар, Қанагатсыз жалғыз атын сойғызар” деген ойлар біз шыгармаларында алғаш пайдаланған адамдар ретінде атаган Құнанбай мен Мөңке биден бұрын да халық ауызында айтылып жүрген сөздер болуы әбден мүмкін.

Кітапқа жинақталған мақалдар саны өте көп болғандықтан мүмкіндігінше олардың қайталанбау жағын қарастырдық. Мақалдарды алдымен әліппелік тізбе бойынша топтастырып, тазаладық. “Анаңың ізін қыз басар, Атанаң ізін ұл басар” сияқты мақалдардың екі жолын ауыстыра салыстырдық. Мақал-мәттедерді тақырыптық топтастыру мәселесі өт қыын шаруа. Өйткені қазақтың бір мақалы бірнеше магна беріп, бірнеше тақырыпты қамтиды. Біз олардың негізгі магнасын алға шыгардық та, мынандай ірі тарауларга топтастырдық: 1. Отан. Туган жер. Халық. Ынтымақ; 2. Адам. Ата-ана. Ерлі-зайып. Бала; 3. Ерлік. Еңбек. Дос. Дүшпан; 4. Адам мінездері; 5. Уақыт. Қарым-қатынас. Қаза. Жақсылық, пен жамандық. Көз бен көңіл; 6. Тәлім-тәрбие. Барышлық-жоқшылық. Дәм-тұз. Денсаулық; 7. Қүш-қуат. Сауда-сатық. Бақыт. Ойын-сауық. Сөз бен тіл. Салт-сана. Наным-сенім. 8. Төрт түлік. Хайуанаттар. Табигат құбылыстары. Бұл тақырыптарға



топтастырылған мақал-мәтілдердің қажеттісін оқырманның тез тауып алуы үшін іштей бірнеше нақтылы тақырыпшаларға бөліп, оларды әліппелік тәртіппен тіздік. Мыс., бірінші тарау 17 тақырыпшага, төртінші тарау 31 тақырыпшага жіктелген...

Мақалдарды жинақтау барысында Ө.Тұрманжановтың 1957, 1959, 1980 жылдарда баспадан шыққан мақалдар кітаптарын, А.Баржақсы баласының 1923 жылы Мәскеуде жарық көрген “Мың бір мақалын”, “Бес гасыр жырлайды”, Батырлар жыры, “Ел аузынан” кітаптарының әр жылдардагы басылымдарын, он томдық “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін”, “Лениншіл жас”, “Қазақ өдебиеті”, “Ана тілі” газеттерін пайдаландық.





I. ОТАН. ЕЛ. ТУФАН ЖЕР. ХАЛЫҚ, ЫНТЫМАҚ

Отан от басынан басталады

Алтын үян — Отан қымбат,
Күт-берекен — атаң қымбат,
Аймалайтын — анаң қымбат,
Аскар тауың — өкең қымбат (Казыбек би).

Бұлбұл гүлзарын сүйеді,
Адал адам Отанын сүйеді.

Жауда қалған бұлбұлдан
Отанға қайтқан ит артық.

Орағың өткір болса, қарың талмайды,
Отаның берік болса, жауың алмайды.

Отан елдің анасы,
Ел ердің анасы.

Отан қадіріне жетпеген
өз қадіріне жетпейді.

Отан от басынан басталады.

Отан оттан да ыстық,
жалыны бар шоқтан да ыстық.

Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.

Отансыздың оты жанбайды.

Отан үшін еңбек етсөң
халқыңың сүйген ұлы боласың.

Отан үшін күрес — ерге тиген үлес.

Отан үшін отқа тұс — құймейсің,
Арың үшін алыссан — өлмейсің.

Отаны бірдің жүрегі бір,
Жүрегі бірдің тілегі бір.

Отанын сатқан онбас.

Отанын сүйген: отқа жанбайды,
суға батпайды.



Отаның тыныш — сен тыныш.

Ел іші алтын бесік

Адам елінде, қоға көлінде көгерер.

Азған елдің баласы бірін-бірі жамандар,
қакпан құрып алдына құлатуға амалдар.
Озған елдің баласы бірін-бірі “батыр” дер,
қойны-қоншы құйылып, толып тұрған ақыл дер.

Аз қойда айран бар, өре жок,
Аз елде азар бар, төре жоқ.

Айрылған болсаң еліңнен,
куатың кетер беліңнен.

Айрылған ел — азады,
Қосылған ел — озады.

Ақбекенді “жатыр” деме,
Көшкен елді “отыр” деме.

Акку көлге, ер елге паналайды.

Арқа сүйер елің болсын,
Аунап жатар жерің болсын.

Алсып ойнар теңің болсын,
Сұңгіп бойлар көлің болсын.

Арша өскен жерінде,
Азамат өскен елінде.

Атауы кеткен елдің матауы кетеді.

Бабын тапсан: байлық — жерде,
береке, салтанат — елде.

Бака көлінде патша,
Балық суында патша,
Жігіт елінде патша.

Бака көлін сүйеді,
Бұлдырық шөлін сүйеді,
Ер жігіт елін сүйеді.

Білек тұр де еңбек ет,
Етек тұр де елге жет.

Дос та елден, жау да елден (Дулат).



Ел аралаған сыншы болар,
Орман аралаған үйші болар.

Ел артындағы шаң жұтады,
Ел алдындағы май жұтады.

Ел ауызы дуалы,
Көп ауызы куәлі.

Ел барда ер қор болмас,
Ер барда ел қор болмас.

Ел боламын десен — бесігінді түзе.

Ел бұзылса салады шайтан өрнек (Абай).

Елге берсең асынды
ел қадірлер басынды.
Итке берсең асынды
ит мұжиді басынды.

Елге дүшпан жерге сыймас,
Жерге дүшпан елге сыймас.

Елге, елек те керек, желек те керек.

Елге ел қосылса — күт,
Желге сел қосылса — жұт.

Елге ерсі іс істеме.

Елге жақса қылығың — елдің іші тынымың.
Елге жақпаса қылығың — үзіледі жұлының.

Елге келген жұмысқа:
жақсы жүрер қайысып,
жаман жүрер майысып (Майлышқожа).

Елге қылған жақсылық еленбей қалмайды,
Еңбек еткен ерінбей кенелмей қалмайды.

Елге мал көптік қылмайды,
Жерге тал көптік қылмайды,
Тарыға май көптік қылмайды,
Күрішке су көптік қылмайды.

Елге сыймаған жерге сыймайды.

Ел даусыз болмайды,
Ер жаусыз болмайды.

Елде болса ерінге тиеді,
Ауылда болса ауызға тиеді.



Ел дегенде езіліп,
жұрт дегенде жұмылып істе.

Елді ерке бұзады,
Етті желке бұзады.

Елді есі кеткен жамандайды.

Елді жерде тұлқі аштан өлмес.

Елді жер — еңісті жер,
Еңісті жер — жемісті жер.

Елді қу бұзады,
Сүтті су бұзады.

Елдің даңқын қонағы шығарар,
Жердің даңқын бұлағы шығарар.

Елдің елдігі ерінен танылар,
Елдің байлығы жерінен танылар.

Елдің көзі елу.

Елдің күші елу батпан.

Елдің күші селдің күші.

Елдің іші береке,
Көптің іші мереке.

Елді сөкпе, кенді төкпе.

Ел ебелек емес,
Ер көбелек емес.

Ел-елдің бәрі жақсы,
Өз елің бәрінен де жақсы.

Еленем десен елге жак,
Жер емем десен жерге жак.

Елеулі болғың келсе елден ас.

Ел жаусыз болмас,
Жер таусыз болмас.

Ел-жұртыңың қадірін,
Іс түскенде білерсің.
Сары тонның қадірін,
Қыс түскенде білерсің.



Ел жүрген жер береке,
Ер жүрген жер мереке.

Ел қонысынан айрылса,
Ер ырысынан айрылады.

Ел құлағы елу.

Елмен дауласпа, ермен жауласпа.

Елмен көрген еленбес.

Ел мойны жуан.

Ел ұлсыз болмас,
Жер гүлсіз болмас.

Ел ұнатқан ұлын жасқамайды.

Ел ұстасаң кек ұстама.

Елім бай болсын десен —
жеріңің бабын тап.
Ерім сай болсын десен —
еліңің бабын тап.

Елім — теңіз, ер — шеміш (Жиенбай жырау).

Елі мықтының — белі мықты.

Елін бөлген екі өледі,
Жерін бөлген жеті өледі.

Елін біреу қымай кетеді,
біреу сыймай кетеді.

Елін елсінбеген, жерін жерсінбеген —
жат жүрттың аяғын жалар, саяғын бағар.

Елінен безіп, елсізде өлгеннің
екі көзін қарға шұқиды.

Елін сүйгеннің еңсесі биік.

Елінді жамандама — шығар төрің,
Жерінді жамандама — кірер көрің.

Елінді сүйсен өрлік істейсің.

Елінді тастап шетке кетпе,
шетке кетсен де көпке кетпе.



Елің жаман болса — бір жақсыны сығала,
Атың жаман болса — ак текенің мүйізімен тағала.

Елің сені елесе — еңбегінің жанғаны,
Елің сені шенесе — көз қырына алғаны.

Ел іші алтын бесік.

Ерден аспақ бар, елден аспақ жоқ.

Ерді ел өсіреді,
Жерді гүл өсіреді.

Ерді ел теңгерер.

Ердің айнасы — елі,
Жердің айнасы — көлі.

Ер елімен жақсы,
Жер кенімен жақсы.

Ер елінде қадірлі,
Гүл жерінде қадірлі.

Ер елін табады,
Ақылды теңін табады.

Есептескен ел болмас,
Етектен кескен жең болмас.

Ескерген ескісін сақтайды,
Ел болған естісін сақтайды.

Естімеген елде көп.

Есі бүтін елден шықпайды,
елінің қырын жықпайды.

Есің барда елің тап.

Етекті ел — есепті ел.

Жанжалды елге жақын қонба,
Оқпанды жерге егін салма.

Жат елдің жақсысы болғанша,
өз елінің сақшысы бол.

Жер бауыры сұық,
Ел бауыры жылы.

Жұтаған ел жұртын мактайды,
Ашыққан ел құртын мактайды.



Жығылған жерге сүйенеді,
Жыққан елге сүйенеді.

Жыртық жерді жел табар,
Шын бақытты ел табар.

Жігіті жүзге жеткен елді жүзіқара кемітеді.

Кеңесті ел азбас,
Кеңінен пішken тон тозбас.

Көлде жүрген қоңыр қаз қыр қадірін не білсін.
Қырда жүрген дуадақ су қадірін не білсін.
Ауылдағы жамандар ел қадірін не білсін (Асан қайғы).

Көп ауырған ем табады,
Көп адасқан ел табады.

Көп ел — сарқылmas көл.

Қаз бен үйректің панаы — көл,
Жесір мен жетімнің панаы — ел.

Қалың елдің қарапайым жүрегі,
соны білсең сияптың жүреді.

Қара жерді жамандама
қайтып сонда барсың.
Қауым елді жамандама
қарғысына қаларсың.

Қарамықтың дәні болғанша
бидайдың сабаны бол.
Жаман елдің жақсысы болғанша
жақсы елдің жаманы бол.

Қасықпен көлді құрта алмайсың,
Қастықпен елді құрта алмайсың.

Кона берсе жерің тозар,
Шаба берсе елің тозар.
Жасай берсе ерің азар,
Ерің азған кезде елің азар (Шал ақын).

Құт қонған елде Қыңдырып жүреді.

Озар елдің: қызы мінезді,
ұлы өнерлі келеді.

Өзге елге үл болғанша
өз еліңе құл бол.



Өзек қуа ағады өзен судың саласы,
Алыстан сәлем береді әдіпті елдің баласы.

“Өз елімнің басы болмасам да
сайының тасы болайын”.

“Өз елім — өлең төсегім”.

Өз елінде барқадар таппағанның
өзге елде жүйрігі шаптайды.

Өз елінде сизу сыйбаған,
кісі елінде нақыш салады.

.(Мәтін)
Өз елінде шекпен пішпеген,
кісі елінде макпал пішеді.

Өз елің — тұғырың,
Өз жерің — қызырың.

Өз жеріндей жер табылғанмен
өз еліндей ел табылмайды.

Өз мінін білген өзгеге төрелік берер.

Өзін-өзі білген ер бақытты,
Өзін-өзі билеген ел бақытты.

Өсер елдің баласы
қозысын күтіп қой қылар.
Өспес елдің баласы
қозысын сойып той қылар.

Өсетін елдің қарты — қазына,
Өспейтін елдің қарты — қазымыр.

Сағынған елін аңсайды,
Сарыала қаз көлін аңсайды.

Сырдың елі — жырдың елі.

Тау ағашсыз болмас,
Ел ұрыссыз болмас.

Тау белгісі тас болар,
Бар белгісі ас болар.
Азған елдің белгісі —
бір-біріне қас болар.

Тоғай аралаған үйші болады,
Ел аралаған сыншы болады.

Тозар елдің жанжалы бітпес,
Озар елдің арманы бітпес.



Тозған елді там жияр.

Толған ел тарихын таспен жазады,
Тозған ел тарихын жаспен жазады.

Шетте жүріп тарығарсың,
өз елінді сағынарсың.

Іргесі берік елді жау алмас,
Дауысы бірге елді дау алмас.

Жері байдың елі бай

Әуелі тәңірі жерге береді,
Жерге берсе елге береді,
Елге берсе ерге береді.

“Барап жерің Балқан тау,
ол да біздің көрген тау”.

Бидай қырда, күріш Сырда,
Жемістердің ғажабы Жетісуда.

Бұрын қонған қоныс алады,
Кейін қонған өріс алады.

Генш* тәбе, генш тәбе,
өзіміздің пейіш тәбе.

Еділ ел болыш келгенге су болады
едірейіп келгенге у болады.

Екпесен жер қысырайды,
Күтпесен көл қысырайды.

Жақсы жерге жатсаң —
жаксы-жаксы тұс көрерсің.
Жаман жерге жатсаң —
жаман-жаман іс көрерсің.

Жақсы жердің қадірін
қожасы емес құл білер.

Жақсы жер жан тынысы,
Жақсы өнер жігіт ырысы.

Жаман қоныстан жақсы жүріс артық.

Жапырағы қамқадай, топырағы торқадай.

Жасыл желек жердің көркі.

*Генш — кірпіш күйдіретін орын.



Жемісті ағаш жер бауырлап өседі,
Жетелі жігіт ел бауырлап өседі.

Жер адамның бесігі,
Ел бакыттың есігі.

Жер алған — ер,
Жер сатқан — қара жер.

Жер — ана, мал — бала.

Жер астында жатқанды
қазбай-ак қарап тіл табар.
Койын-қойын сырынды
түбінде келіп шын табар.

Жер байдікі, су сайдікі.

Жер байлықтың анасы болса,
әкесі — еңбек.

Жер байлықтың көзі,
еңбеккер иесінің өзі.

Жер бауыры жазық.

Жерге берсең — жер,
Бермесең — қара жер.

Жерге еткен жақсылық жерде қалмас.

Жерге тұскен гүл болар,
Отқа тұскен күл болар.

Жер дегенің алтын қасық
көртіп жесең де таусылмас.

Жерден жердің несі артық? —
бір-ак уыс шөбі артық.
Ерден ердің несі артық? —
бір-ак ауыз сөзі артық.

Жерден жердің несі кем? —
егін шықса, гүл өссе.
Ерден ердің несі кем? —
уәдесін уәде етсе.

Жерден табылса аспанға секірме.

Жерді алдаған аш қалар.

Жердің бакытты тайса су сайға құлайды.



Жердің жарлысына ердің сорлысы қонар.

Жердің көркі орман, тоғай, бұлағы,
Елдің көркі қала, қыстак, тұрағы.

Жердің тілін білсөң,
тілдей жерден жылдық өмір аларсың.
Елдің тілін білсөң,
елге сыйлы болып жағарсың.

Жер екеш жер де ауырады.

Жер екеш жердің де құлағы бар.

Жер емген ел болады,
Жер қадірін білмеген елдің
өмірінде ырысы кем болады.

Жер жаасты көрінер өзенімен, көлімен,
Ел жаасты көрінер еңбегі жанған ерімен.

Жер көнді жақсы көреді,
Ат жемді жақсы көреді.

Жер — қазына, су — алтын.

Жер құнарын мал білер (Корқыт).

Жер құтты болса, мал сүтті болады.

Жерлі құланды терлі құлан аударады.

Жермен келген жермен кетеді,
Желмен келген желмен кетеді.

Жер ортасы Көктөбе,
жетем деп оған өктеме.

Жер тозса — такыр,
Ер азса — пакыр.

Жер тойғаны ел тойғаны.

Жер ток болса сен де ток.

Жер тұсауы тұнде алынар.

Жер шайқалса тәбеле қатер,
Ел шайқалса төреге қатер.

Жер шаршаса өнім бермес.

Жер шежіресі — ел шежіресі.



Жер ырыстың кіндігі,
Еңбек ырыстың қызығы,
Білім ырыстың тізгіні.

Жері жуалының сөзі дуалы.

Жерім малға жай,
Елім жанға жай.

Жеріне қарай астығы.

Жеріне қарай егін ек,
Жолына қарай жегін жек.

Жеріне қарай жыланы,
Жасына қарай құланы.

Жерінен айрылған жиде желге үшар.

Жерінен ауғанға жеті жыл қоныс жок.

Жерінен кеткен елге қындық,
Үйірінен айрылған малға қындық.

Жерін қорлаған жеріне сыймайды,
Елін қорлаған еліне сыймайды.

Жерінді баптай білсең —
астықты қаптай білесің.

Жеріңе жақсылық қылғаның —
тасты дей бер қырманың.

Жеріңден аусаң жақсы атынды тастап ау.

Жері семіздің малы семіз.

Жұрт жұтаса жұтық.

Келісті келбет ерде бар,
Қымбатты қазына жерде бар.

Көк шықпаған жер көтерем мал сияқты.

Көрмеген көлде білмеген құстың даусы естіледі.

Қара жерге қар жауар,
қарды көрген бір мұрат.
Қара жерден қар кетер,
жерді көрген бір мұрат.

Қара жердің қадірін
ойда-қырда сарт білер.



Кер құланның қадірін
ойда-қырда қақ білер.

Кара жер қарыз арқаламайды.

Қары бар жерде қаһар бар,
Кені бар жерде шаһар бар.

Қос қадірін жеккен біледі,
Жер қадірін еккен біледі.

Мекенінен безген құланның
кетеді басы сауғага.
Жерінен безген ұланның
түседі басы саудаға.

Орыс жерінде орман көп,
өзен, сулы қорған көп.

Сұдігермен жүргеннің аты майрылар.

Сыр бойында малы бардың
Тәшкентте қарны ток.

Танымайтын жердің ой-шұқыры көп.

Тар жерде тамаша болма,
Кең жерге қорықшы болма.

Үңгір, үңгірде күңгір.

Шегараң берік болмай,
басында ерік болмайды.

Шөлді жердің отын киік білер,
Сулы жердің қадірін құлан білер,
Ұзак жолдың сырын түйе білер,
Шытырманды тау қойнауын тұлқі білер (Корқыт).

Тұған жер — тынысың

Ақку көлін аңсайды,
Адам тұған жерін аңсайды.

Ата қоныс — алтын мекен.

Атамекен — анаң екен,
Қысылғанда панаң екен.

Атамекен тұған жер:
кір-қонынды жуған жер,
кіндігінді кескен жер,
кісі болып өскен жер.



Әркімнің өз жері — Мысыр шаһары.

Әркімнің өз жері — үжмақ.

“Бақыр қазан қайнаса бәріміздің бағымыз,
Туған жердің өр тасы біздің алтын тағымыз”.

Бақа батпағына,
балық көліне.

Баланың өскен бесігі
кең дұниенің есігі.

Басқа жердің отынан
туған жердің түтіні артық.

Дарақ бір жерден көгереді.

Дуадақ шөлін мактайды,
Көкала қаз көлін мактайды.
Кеменгер елін мактайды,
Дихан жерін мактайды.

Ерінбекен елге жетеді.

Ерінен айрылған көмгенше жылайды,
Елінен айрылған өлгенше жылайды.

Жалықтырса ұзак сапар, жат мекен
Туған елдің түтіні де тәтті екен.

Жат жерде жаның қиналса —
ел қадірін білерсің.
Жұтым суға зар болсан —
көл қадірін білерсің.

Жат жердің қаршығасынан,
өз жеріндің қарғасы артық.

Жекен жерінде көгерер,
Ер елінде көгерер.

Ит екеш ит те туған жерін аңсайды.

Ит тойған жеріне,
Ер туған жеріне.

Kici елінде күркірегенше,
өз елінде дүркіре.

Kici елінде сұлтан болғанша,
өз елінде ұлтан бол.



Мал екеш мал да от жеп,
су ішкен жеріне тартады.

Өз інінде көртышкан да батыр.

Пәлен жерде пайда бар,
өз жеріндей қайда бар?

Сұңқар қиясын сағынады,
Торғай ұясын сағынады.

Туған елдің тезегі де дәрі.

Туған елің болмаса,
Тумай-ақ қойсын күн мен ай.

Туған жерге туың тік.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Туған жердің жері де көрікті,
елі де сүйікті.

Туған жердің жуасы да тәтті.

Туған жердің күні де ыстық,
кулі де ыстық.

Туған жердің қадірін шетте жүрсөң білерсің.

Туған жердің тасы да болысады.

Туған жердің торғайы да сүйкімді.

Туған жердің торғайы: тұрымтайдай көрінер,
құлыны тайдай көрінер,
қыздары айдай көрінер.

Туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі,
түйе аунайтын топырағы да дәрі.

Туған жер — тұғырың,
Туған ел — Қыдырың.

Ұлтарақтай болса да
ата қоныс — жер қымбат.
Ат тәбеліндей болса да
туып-өскен ел қымбат.



Ауылдастың анты бір

Айтысқан ауыл болмас,
Болыспаған бауыр болмас.

Алыс деп ауылыңа бармаймысын.

Ауыл аймағымен, бота тайлағымен.

Ауыл болсан — қауым бол.

Ауылға айтсан — асар,
Көршіге айтсан — қосар.

Ауылға барсан қона бар,
Қамысты көлде сона бар.

Ауылға жақындағанда ит озады.

Ауылда лақ туылса
адырдың шөбі көгереді.

Ауылдан шыққан күні байға қонба, сайға қон:
бай пәле болады.
сай пана болады.

Ауылдас, ауылдаспен қауымдас.

Ауылдастың анты бір.

Ауылдасың жақсы болса ағайының не керек.
Алғаның жақсы болса айтың, тоғың не керек.

Ауылдың жақсылығы жолынан білінер.

Ауыл иті ала болса да бөрі келгенде бірігеді.

Ауыл итінің достығы сүйек тастағанша.

Ауыл итінің құйрығы қайқы.

Ауыл қарайлас, шаруа орайлас.

Ауыл малы бүралқы акылы жок жаманға (Шортанбай).

Ауыл толы есектен,
Арық та болса ат жақсы.

Ауыл түбі — бірлік,
Қауым түбі — тірлік.

Ауыл үйдің моншағын күндіз үрлап,
түнде так.



Ауылы араластың қойы коралас.

Ауылы басқа алдырмас,
Ауылың сені қалдырмас.

Ауылы бүтінді аман де,
Елі бүтінді есен де.

Ауылы бірдің — аузы бір.

Ауылы жақын ит қасқырдан қорықпас.

Ауылын көріп азаматын таны.

Ауылында қария болса,
жазып қойған хатпен тең.
Ауыл сыртында тәбе болса,
ерттеп қойған атпен тең.

Әр тұлкінің өрісі басқа,
Әр ауылдың қонысы басқа.

Бір ауылда бір үй аш болса,
бар үй аш.

Бір ауылдың малын бақпасаң,
мың ауылдың малын бағарсың.

Елін жамандаған елеусіз қалады,
Ауылын жамандаған атаусыз қалады.

Кесек-кесек дау-жанжал
кер кеткеннің аулында.
Кесек-кесек өтірік
кер кеткеннің аузында.

Көрген жерде ауыл бар.

Күн тұспеген үйге құшынас тұстенер.

Қазак ауылы қарайлас.
Шеру соңы қарайлас.

Өрісі жуық от оттайды,
Ауылы жуық ас ішеді.

“Сен құдайға жеткенше,
мен ауылға жетермін”.

Өз үйім — өлең төсегім

Адам кіrmес кара үйдің құлағаны макұл (Коркыт).



Екі үй біріксе, бір үй жоқ болады.

Ерлі-байлы ұрысар да көрісер,
көрісер де келісер.

Ерлі-зайып қос егіз.

“Жақсы да болса өз үйім,
жаман да болса өз үйім —
кең сарайдай боз үйім”.

Иесіз үйдің оты жанбайды.

Куыс үйден құр шықпа.

Ойдағы үй — селдікі,
Өрдегі үй — желдікі.
Жазықтағы үй — елдікі.

“Ой-хой, менің өз үйім,
Кең сарайдай боз үйім”.

Ордаға керек — отауға да керек.

Ор қазғанша қасыңда,
Үй салғайсың досыңда.

Отау үй — онаша бас.

Отау үй онаша келеді,
отындары тамаша келеді.

От басы ала болса,
кереге басы сайын пәле болар.

От басына өрт салма.

Өз үйім — өлең төсегім

Тұған үйдің тұтіні жылы,
Тұған ананың күтімі жылы.

Тұздегі май ішеді,
Үйдегі зәр ішеді.

Тұтін шыққан үй жылы,
Төскейлей шыққан күн жылы.

Үй баласымен базарлы,
қонағымен ажарлы.

Үй болған соң: белбау да керек,
желбау да керек.



Үй болған соң шыны-аяқ сымдырламай тұрмайды.

Үйге келгенде үйдей өкпенді айтпа.

Үйге кірген жыланды да басына ақ құйып шыгарады.

Үйге ұт* кірді —
егіншінің көкейіне құт кірді.

“Үйде — атан, тұзде — бурамын”.

Үйде бір күн ұрыс болса,
қырық күндік ырыс кетеді.

Үйдегі есепті базардағы нарық бұзар.

Үйдегі нарық көшеге тұра келмейді.

Үйде кісісі көп болса,
далада кісі тимейді.

Үйден ұзап шықласаң
қатынға қадірің болмайды.
Ауылдан ұзап шықласаң
жақынға қадірің болмайды.

Үйде онбаған тұзде де онбайды.

Үйде өскен бұзау тұзде өгіз болмайды.

Үйде шешен дауга жок,
Үйде батыр жауға жок.

Үйді қырық ерек толтыра алмайды,
бір әйел толтырады.

Үйдің басын қатын қосар,
Елдің басын батыр қосар.

Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білерсің,
Ағайынның алыс-жакының іс түскенде білерсің.

Үйдің көркі — сандық.

Үй иесі мейірлі отырса,
қонақ көнілді отырады.

“Үйлері қоңыр екен” деп
көп ауылдан кетпеніз.

* Үт — киіз үйдің есігінен түскен күн, 19 акпан мен 20 наурыз арасы.